

02005  
13408


ХТАР ЭҮЕЗОВ

Handwritten signature in blue ink.















**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ  
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ**

**“ӘУЕЗОВ ҮЙІ” ҒЫЛЫМИ-МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫ**

# **Мұхтар Әуезов**


**ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ  
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ**

**17-том**

**МАҚАЛАЛАР, АУДАРМАЛАР**

**1936–1944**

**АЛМАТЫ  
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”  
2004**



У. 572.122(081) Әуезов М. О. + 82. 572.122-95

ББК 84 Қаз 7-44

Ә 82

Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

Әуезов М.

Ә 82 Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 17-т. — Алматы: “Жібек жолы” баспа үйі, 2004. — 376 бет.

ISBN 9965-637-34-2

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық басылымының 17-томына У.Шекспирдің “Отелло”, “Асауға тұсау”, Н.В.Гогольдің “Ревизор” пьесаларының, Л.Н.Толстойдың “Булька” атты әңгімелер топтамасының аудармасы енгізілген. Сонымен қатар жазушының 1936—1944 жылдары жазылған мақалаларымен қатар бұрын еш жерде жарияланбаған “Драмы Чехова” атты баяндама-мақаласы беріліп отыр.

Кітап ғылыми жұртшылыққа, қалың оқырман қауымға арналған.

ББК 84 Қаз 7-44

Редакциялық кеңес:

Абдрахманов С., Әуезов М., Әкім Т. (жауапты хатшы), Бердібаев Р., Кекілбаев Ә., Қабдолов З., Қанапиянов Б., Қасқабасов С. (кеңес төрағасы), Қирабаев С., Қонаев Д., Құл-Мұхаммед М., Мағауин М., Майтанов Б. (кеңес төрағасының орынбасары), Мұртаза Ш., Нұрғалиев Р., Нүрпейісов Ә., Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмағамбетов И.

Редакциялық алқа:

Елеуқенов Ш., Есім Ф., Құндақбаев Б., Нарымбетов Ә., Сыздықов К., Ысмағұлов Ж., Ісімақова А.

Жауапты шығарушы — Әбдіғұлов Р.

Қолжазбаларды салыстырып,  
ғылыми түсініктемелерін жазғандар:

Ахетов М., Әбдіғұлов Р., Әкім Т., Болсынбаева А., Қайшыбаева Р., Қаныкөйұлы Е., Қонаев Д., Қуанышбаев Ә., Майлыбай С., Майтанов Б., Рахымжанов К., Тойшанұлы А.

Ә  $\frac{4702250201}{430(05) - 04}$  хабарланбаған — 2004

ISBN 9965-637-34-2

ISBN 5-628-02141-3

© М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2004  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ



Мақалалар





## ЕРЛІК — ЕЛДІҢ СЫНЫ

Совет халқында бұрынғы қауымдардың, бұрынғы тарихтардың ешқайсысы көрмеген талай жаңа мінез, жаңа қасиет бар. Солардың ішінде ерекше ардақты саналатын ең қастерлі қасиет бар, Отан жолындағы ерлік. Сталин ұясынан ұшқан болат қанат қырандар социалистік Отанда адамдық, азаматтық дегеннің өзіне де басқаша биік нарық қойды. Совет азаматының ерлік арқылы қалай шарқ ұратынын талай тар қияда танытып келеді.

Бізде ер жорығы тірлігіміздің бір саласының ғана табысы емес, отанымыздың табысы болып даңқ алады. Ерлік бірдің үлгісі емес, бардың үлгісі. Ел сүйінер іс етсе, майдан ері, еңбек ері барлығы да бір-ақ күннің ішінде ел бағланы атанып, баға жетпес белдей қадірмен болады.

Тіл айырмасы, тек айырмасы, жас айырмасы, жыныс айырмасы баршасы да Отан сүйер ерлік алдында айырмыс боп көрген емес. Сол себепті достасып, туысқан қалың қауым халықтарымыздың арасында кім қадірлі, “ер” қадірлі. Чапаевты сүймейтін қай қазақтың ұл-қызы бар! Кешегі Гастелло, Иванов сияқты ардақты жандардың ісінен айналмаған халық азаматы қалды ма? Осылардай ерлерін ардақтау біздегі өзгеше ұрпақтың айнымас дәстүрі. Бізде азамат сыны — ерлік, ерлік — өзі елдік сыны.

Совет халықтарының тілінде “геройлық”, “қаһармандық” деген сипаттардың соншалық жиі аталатыны да тегін емес, ол көп үшін күнделік мінез. Бойға сіңген қастерлі сын-сипат болғанын көрсетеді. Сол геройлықты біз жалғыз бүгінгі күнімізден санап қадірлейміз. Барлық бауырласқан жұртымыздың бағы заманнан бергі бар нәрінен жиып та басқа көтереміз. Осы ретте ерлікті өз тірлігінде өзгеше қадір тұтқан елдің бірі қазақ халқы. Біздің тілімізде “еркек” деген сөз бен “ерлік” мағынасы қосылып, біте қайнасып кеткен. Тегін емес. Жұрт өз ұғымынша ерлік жоқ жерде адамдық жоқ дегенді



білдіреді. Міні, осы ерлік жайшылықта күнде сыналып, сәт сайын сарапқа түсе бермейді. Ер екені белгісіз, кәдімгі көптің бірі боп жүрген адам күндердің бір күніне жетеді де, қатарынан кара үзіп, самғап ұшады. Көп ішінен көлбең етеді де, жарқ беріп, бір-ақ бой көрсетеді. Мұны осындай ететін өзгеше күндер, көпке жайылған өзгеше күйлер.

Ел ананың аяулы баласы болған бұрынғы ерін, бүгінгі батырын алып қарасак, араларында біріне-бірін бір туыстай, аға мен інідей ұқсататын оқтын-оқтын жайлар көресің. Ең әуелі “ер” атану, “ерлік” атанудың өзі адамның жалғыз аяқ жеке жолынан ұшыраспайды. Үйелменді елінің өзегін жарған мұрат-мүддесінің жолында ғана ұшырасады. Және сол ерліктің егізінің сыңарындай, алып ұшар қос қанатындай асыл тірек дінгеі бар. Ол, өзгеше бір сүю сезімі. Жай сүю емес, жар сүю емес, жанынан артық көріп жұртын сүю, халқын сүю сезімі. Бұл сүюден қасиетті сүю жоқ. Ол сана, ол сезімнің алдында барлық басқа тірлік, бөгде тілек бас иеді. Соны тірек еткен, содан тиянақ тапқан ер қаттауына қан қатсын, қабағына мұз қатсын қайта ойланбайды, қатер бар екен деп қалтырамайды. Тәуекел қылып тас жұтып, жауына кәрдей түйіледі. Содан арғы ер қайрағы — егес. “Кілегей кара бүлтпын, келе де жаумай ашылман” дейтін аянбас ашу үні осындай егеске мініп, жалын жұтқан жүректен туған. Ел басына күн туғанда, ер көңілінде өзгеше, өктем күй туады. Күн туғанша көп ішінде күйбең жүріспен жүрген қасиетті ұл мен қыз, сын күндерде азапты мазақ қылудан, қатерді қалжак етуден тайынбайды. Қауіпті қыспақ болса, сол кезеңнің өзін мезгеп ұшпақты ер бәйгесі деп біледі.

Құрулы мылтыққа жолықтыр,  
Құрсаулы жауға жолықтыр,  
Ер сасқандай, етек басқандай күнге жолықтыр... —

деген егес батаны ер Жәнібек өзіне өзі осындайда берген.

Қора толған қойымды  
Аш қасқырға тапсырдым,  
Азу тісі балғадай  
Жас қасқырға тапсырдым, —

деген Қобыланды сөзі де осы күйден туған.

Сырт карағанда, тентек тебіздің шалдуар сөзі сияқты көрінгенмен осы сөздер аса мағыналы, нәрлі сөз. Бейбіт күннің бейқамдығын талақ еткенді көрсетеді. Әншейінде “амандық”, “тыныштық” деп қалтырап жүретін жабы көңілді жазалап сөйлейді. Жабыны тұлпар етіп, шынықтырып, ширықтырып алу үшін осыны айтады. Өзін-өзі тасқа түсер асылдай, өткір қайрап алу үшін, осылайша аямай жаниды. Жалын атып, күш жияды... Қандай қауіп келсе де: “Әзірмін, аянбай аңқып ұшамын” дегенді көрсетеді.

Әрине, үйіне ойран, еліне егер күн тілегеннен айтқан жоқ. Аянбастың серті осы. Аянбаған алады, жасқанбаған жығады деп, әдейі өзін-өзі қиынға әзірлейді.

Осылар сияқты Құртқа да Алшағырға күң болуды тілеген жоқ. Аяулы Ақжүніс “жақсы жар екенімді танытар ем, Тарғынның белі сынса екен” деп тілеген жоқ. Бірақ бастарына күн туды да, күй тапты. Жары ерлік жорығына кеткенде, кешегі коштасар жерде “сен кетсең не боламыз” деп жоқтаған Құртқа елдің панасы боп кетеді. Өз жүрегінің шыдамы мен қайратын бар қатерге қарсы қойып, соны берік қуат бел етеді... Жасымайды, жабықпайды. Ел-Отанның ары үшін ері жанын қиғанда, сол елдің әлсізі мен күйсізіне бұл адал ана болып шығады.

Ескі күннің осылардай ерлігі мен елдігін біз бүгін еске аламыз. Немістердің апыраңдаған ершігештері – рыцарылары он үшінші ғасырда орыс жеріне шаң шабуылмен тағы да бір келген-ді. Сонда Чуд көлінің жалтыр мұзының үстінде жалтартпай қырып, мұз астына мүрдім кетірген Александр Невский қолы болатын. Бүгін біздің барлық отан сол Александр атын ауызға алады. Текке алмайды. Сондағы ерлер әлі тірі, ондай ғана емес, бүгін сонақұрым ірі деп, еске алады. Жау атаулыға: “Қаптай шапқан жолыннан қауырт қаза табысың, баяғыдай тағы да қан жамыласың”, — деп еске алады.

Ер қасиеті ел жұртына қамқорлық дегенді, біздің елдеріміздің барлық батыр тарихы баян етеді. Ұлдың ұлына, қыздың қызына мәңгі-бақи мұра қып қалдырғаны осы. Бақ байлықтан, жас тілектен, жақын жардан бетті алысқа бұрып безінгенде Қамбар халық қамқоры боп безінді. Тобыры — құр аз ғана тоқсан үй ғана емес, көз жасы телегей теңіз болған, сор қамаған халық еді. Сол елі үшін “енірегінде етегі толған” қамқорды жұрт жанындай көрді. Жадынан атын

тастамады. Жақсы болсаң осындай бол, ұл тусаң осындай ту деді.

Күніміз нұрлы, күйіміз кемел отанымызда сондай ерлікті біз ордайым қадірлегеміз. Заманнан заман өткелі біз жеткенге жеткен ел мен отан болған жоқ. Бүгінгі мен болашақ тек қана біздікі. Сонымен қатар ескінің де еңсесі биік ерлігін біз қадірлейміз. Үлгі болар мінезін өнеге етеміз. Әсіресе бүгін еске аламыз. Қобыланды, Қамбардай ұл туған, Құртқадай қыз туған ел бұл күнде бір емес, мыңды туғызған. Көне күндерде көп күттіріп, шанда бір ер туса, бізде сан сайыпқыран сәт сайын тепсініп шығады. Ешбір қиял дастандары дәріптеп көрмеген, жыр жетпестей жауынгерлік білдіріп шығады әлемге. Өнегесіз өспек жоқ. Сол ерліктер барлық халыққа үлгі болсын дейді біздің Отан. Халық қадірлеген қасиет қайсы екенін ертелі-кешті ерден көр. Отанын сүйген ержүректің екпінін Сталин сұңқарларының өзінен көр дейді. Бұрынғы бірен-саран орнына бұлар мыңдар қаһармандығын көрсетеді. Бұрынғы жайын аспан әлемі көрмеген, бұрын талай қайтпас қыран білмеген қатты екпінді солар тудырады. “Қыран” деген, “сұңқар” деген сөздердің өзі де бұл күнде біздегі батырлықтың өлшеуі мен теңеуі болуға жете алмай қалды. Сол сияқты ел аңыз еткен бұрынғы ерлік те бүгінгі біздің геройлардың анық батырлығының қасында шынымен кемшін соғып қалды. Көрі теңіз толқынымен көпті көрген кара жердің өзі де қазір анық ұл туғанын, алып жүрек жан туғанын жаңа танитын күнге жетті.

Оқ үстіне оқ тесе де жараны жара деп білмей, қаны жосып жүріп жауды жапырып шыққан ер командир не дейді? Аспанда самолеті өртенген шақта, өзі бірге жана бастаса да қолын мотордан алмай қарысып шыдап кеп жолдастарын құтқарып, өз жеріне қонатын ардақты ұшқыш, ел сұңқары не айтады? Өз самолетімен жау бомбардировщигін тұйғындай теуіп ұрып, бүріп түсетін, ажалға қарсы асқақ айбар шегетін, жүрегі жалын жас батырлар нені өсиет етеді?

Ер ертегіде ғана емес, қас батыр қасында. Өз ішінде, өз бауырыңнан шығады. Қаулап шығады. Көр, міне! Көр де, жігер жи. Отанды сүйсең, осылай сүй. Қай майданда жүрсең де жан аямай жалын ат. Бүгінгідей сын күнде жалғыз тілек жадында түт.

Алтын анам, Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сенен іркер



күшім жоқ деп, ер қайратына мін-дағы, өрге бас! – дейді. Осындай боп өктеген батырлық қазір бізде ту бетіндегі ұрандай! Осы ерлік пен осы жігер бүгін біздің бар халқымыздың қанында, күндіз-түні жадында. Сондықтан біз қанішер Гитлер басына әлі-ақ ажал оғын атамыз. Ежелден бергі жауынгер еліміздің жойқын күрзисі неміс фашистерін көрге тықпай тынбақ емес. “Отан үшін, Сталин үшін” деген қасиетті ұранымыз майданда шабуыл ұраны болса, тылда екі жүз миллион еліміздің ерлік сертінің де ұраны. Қарсы шыдар камал жоқ. Жеңеміз де, жоямыз! Пәле бастаған олар болса, жеңісті тойлайтын біз боламыз. Ер елдің екі болмас серті осы!

## ИВАН АНДРЕЕВИЧ КРЫЛОВ

Крылов 1769 жылы туған. Әкесі жер иесі алпауыт та, ұлық та емес, мүлкі де жоқ, көрнекті шен, дәрежесі де жоқ, орташа көптің бірі еді. Әкім емес, әкімнің қызметкері ғана болған адам еді.

1773 жылы Ресейдің бір шет түкпірінде Жайық қала (бүгінгі Елек) деген жерде капитан шенінде қызмет етуші еді.

Кейін Крылов әскер қызметінен шығады да, Тверь қаласында кішкене чиновник боп тұрып қалады.

Баласы Иванның тоғызға жеткен кезінде ол қайтыс болады. Үй ішінде үлкен қиын жоқшылық орнайды. Шеше болса шала сауатты еді. Жас бала Иван жөнді оқу, тәрбиесін ала алмайды. Бір алпауыттың балаларына жанасып, сол үйден тиіп-қашып қана оқып жүреді.

Заты дворян болғандықтан 12 жасынан бастап, сол заманның заңы бойынша қызметші боп саналады. Кеңсенің қағаз көшірушісі боп істейді. Айналада көргені ақсүйек төре мен алпауыт байдың ызғары еді. Ауыр балалық шағы сол ортада құлдықпен өткендіктен, жас Крылов әкім атаулыны жек көріп, жиренумен өсті.

13 жасында шешесімен бірге Петербурға көшті. Тағы бір жылдан соң ептеп жазуға айналысып, пьесалар, күлдіргі опералар, трагедия, комедиялар жаза бастады. 1787 жылдан бастап, кейбір шығармалары, әсіресе мысалдары, баспаға шыға бастады. Сүйте жүріп, 20 жасқа жеткенде өзінің жеке журналын шығаратын болды. Бұны көбінесе жалғыз өзі жазып толтырушы еді. Журналының аты “Почта духов” (Әруақтар почтасы) болатын.

Жазған пьесаларында Крылов алпауыттарды шенеді, ақсүйек тобының азғындығын суреттеді. Жағымпаз театр пьесаларын қоймады, жас жігіт өткір мысалдар жазып қарсы алысты.

Не қаражаты, не дәрежесі жоқ жалқы жігіт ақсүйектер патшалығының мықтыларымен алыса бастады.

Петербургда жас жазушылар үйірмелері бар еді, Крылов соларға қосылды. Бұл топтар патшаның озбырлығына, алпауыт құлдығына қарсы еді. Осы жастардың арасына атақты Радищев келіп, үгіт сөйлейтін. Ол бұл жастардан жасы артық, аса білімді, ең саналы адамның бірі еді. Сол жылдарда “Петербургтан Москваға саяхат” деген кітап жазып, патшалыққа қарсы шығып, Сібір айдалып кетті. Бірақ Крыловтарға үлкен ұстаздық етіп кетті. Сол 1789 жыл Францияда буржуаздық революцияның басталған жылы еді. Оның да Ресейге неше алуан әсері келе бастап еді.

“Әруақтар почтасын” Крылов осы кезде шығарып тұрды. Журналында патша өкіметін, оның үлкен төрелерін сынап соқтықты. Парақор сот, жағымпаз чиновник, құлды қанағыш алпауыттарды мысқылдады.

Бұл журналын патша жапқызып тастайды. Крылов “Зритель” (Көруші) деген екінші журнал шығарады. Өзінің көп өлеңін, әңгімелерін жариялайды. Бір тамаша әңгімесі “Каиб” деген еді. Онда Каиб атымен шығыс елінің бір патшасын суреттеп, соның өз елінде жұрттың бәрін ауызға ұрып, үндетпей қойған өктемдігін ажуалайды. Бұл сыны Екатерина II патшаның зорлығын суреттеу еді. Замандастарының бәрі де Каибтың кім екенін таниды, өз бастарынан кешіп тұрған озбырлық түнегін ұғады.

Патшалық әкімшілігі болса, бұндайлық шашау сөз, оқшау пікірдің бәрін басып құртуға жан салып, Европа жаңалықтарынан сескеніп тұрған кезі еді. 1792 жылдың май айында патша қатынның өз бұйрығы бойынша “Зритель” басылатын баспаханаға тінту жасалады. Тергеу болады. Крыловтың патшалыққа қарсы шығармаларын іздейді.

Осы тінту Крыловтың өзін де, бар достарын да шошытып жібереді. Келер жылында бұлар “Петербургский меркурий” деген журналды тағы шығарса да, бұрынғыларындай емес, бағыттары бәсеңдей береді. Бірақ патшалық оны да көп көреді. Тағы жапқызады. Баспахананы Крыловтардан тартып алады. Крылов пен Клушин деген жолдасы өкіметтің нұсқауы бойынша Петербурда тұрмайтын боп, басқа жерге кетеді.

Осыдан соң Крылов көпке шейін өкімет көзіне көрінбей,



шеттеп кетеді. Өршіл жазушыны өктем зорлық жеңгендей болады. Бұл жылдарда Крыловтың сыртқы тіршілігіне ғана емес, ішкі ой санасына да үлкен өзгеріс кіреді.

Жылдар өтіп жатты. Патшалар да ауысып жатты. Екатерина өлді. Павел патша да өлді, енді бір кезек Александр I патша болды. Жұрт бұдан азырақ жеңілдік күтіп еді. Басында солай болатын да сияктанды. Айдаудан Радишев қайтарылды. Бірақ жаңалық, кеңшілдік дегеннің бәрі бос үміт болды. Атар таң жоқ екенін көріп, Радишев атылып өлді.

Ұзақ жылдар келмеген Петербурға 1805 жылы Крылов қайта келді. Көп өзгеріп, басқа адам боп келді. Жазушылар арасына кірді. Бірақ бұрынғы өршіл жастар арасы емес, өкіметшіл, патшашыл, жағымпаз тоқ мырзалардың ортасына кірді. Олар басында Крыловтың жас кезіндегі омырау, өрлігін, қарсылығын еске алып, сеніңкіремей де жүрді.

Патша сарайына жақын адамдардың ішінен бұны сүйейтін кісілер шықты. Оның бірі Оленин деген суретші, әдебиетші еді. Сондай адамдар арқылы Крылов 1812 жылы Публичная библиотекаға (Россиядағы ең үлкен кітапхана) қызметке түсті.

Осы орында жиырма тоғыз жыл қызмет етті. Ендігі тірлігінде ешбір өзгеріс болған жоқ. Тек оқушыға даңқы жайылған жазушылық абыройы өсе берді.

Крылов өзінің мысалдарын көп жазады. Бірақ жәй тұрмыста тек бір жалқау, әзілқой ғана, жазықсыз момын бір жан боп алады. Сырт бейнесін осылай етіп жүреді.

Өкімет, патша, Оленин сияқтылар болса осындай Крыловты қош көреді. “Момын Крылов” деген атты солар шығарады. Патшалыққа сын айтатын, наразы болатын, революция рухы бар жұртшылықтың барлығына қарсы мына Крыловты үлгі етіп көрсетпек болады, оның шын тұлғасын жасырып, жаңсақ етіп танытуға тырысады.

Бірақ Крыловтың шын көңілі неден жиреніп, нені сүюші еді – ол өзіне мәлім еді. Онысы жазған еңбегінен мәлім еді. Мысалдарының көптен көбінде Крылов құр заманынан сыртқары отырған, құр жалпы ақылгөй болған жоқ. Өзі өмір кешіп тұрған заман жайында нелер өткір, ащы мысқыл, ажуа жазып отырған. Көп мысалдары арнаулы саяси уақиғаларды мазак етіп, дәлді, белгілі адамдарды түйреп отырады. Мысалдарында патша сарайы сүйген талай шенеунікті, нелер зор

мықтыларды, көп жағымпаз жазушыларды орнынан тұрғысыз етеді.

“Квартет” деген мысалында тіпті патшаның Мемлекеттік советін (Государственный совет) мазақ етеді. “Мысық пен шортанда” патшаның адмиралы Чичаговты шаншады. “Көкек пен қораз” деген мысалында бірін-бірі өлердей мақтайтын көкек пен қоразды айта отырып, сол күндері екі жағымпаз Греч пен Булгаринды мазақ етеді. Бұның екеуі де патшалыққа жағынып, тыңшылық етіп жүріп, өздері талапсыз, жаман жазуы болса да үлкен орын салмаққа ие болған. Пушкин сияқты анық жақсы жазушылардың соңына түсіп, көп қастық, топастық еткен адамдар болатын. Крылов соларды сорақы қып көрсетеді.

Кейін бірінші Николай патша болады. Ол декабристерді қуып, қырып жойғанмен де, Крыловқа қысым көрсете алмайды.

Қайта бір жолы, 1836 жылы патша сарайында қонақта болып отырып, патшаның өз аузынан “Уәзір” деген мысалын бастыруға рұхсат та алады. Ол мысалы тура патшаның министрлеріне қарсы арналған мысқыл еді. Бұрын цензура (жазуды бақылаушылар) ол мысалды саясат жағынан залалды деп танып, бастырмай қойған еді. Крылов аз нәрсемен патшаны алдап, жанағы өзінің өткір өлеңіне жол ашып алады.

1838 жылы жасы 69-ға келген Крыловқа өкімет юбилей (арнаулы құрмет мерекесін) жасайды. Содан бір жыл бұрын Пушкиннің өліміне өзі себепші болған патшалық өкіметті мынамен әдебиетке дұрыс қарайтынын білдірем дегендей боп еді.

Сол мерекеде тағы да сыншы Крыловты жасырып, патшалықпен үйлесіп келіскен Крылов етіп көрсетпек болған. Онысы Крыловты, әдебиетті құрметтеу емес, өзін-өзі мақтау еді.

1841 жылы Крылов қызметтен босап, отставкаға шығады да, 1844 жылы 9 ноябрьде қайтыс болады. Крыловтың жаназасында да, бұның табытының артынан жандармдардың (тыңшы полицияның) ұлығы Орлов жүріп отырады.

Шын Крыловтан жалған Крылов жасап, өздеріне қолайлы достас адам жасаймын деген патшалық талабы дегеніне жете алмайды. Барлық сыншы, халықшыл, жаңалықшыл

Крылов өзінің мысалдарынан түгел көрініп тұр. Патша сарайы мен Оленин сияқты патшашыл әдебиетшілер кейде Крыловқа патшалықты қостайтындай ара-тұра ұсақ-түйектер жазғызса да, халық сүйген Крылов ол емес болады. Шын бағалы көп мысалдарында анық Крыловтың беті ашылады. Өмірлік ұлы еңбегінің сыры танылады. Ол Крылов — өкімет құрылысының жыры, алпауыттар, шенеуніктер билеген крестьян құлдығын тудырып отырған патшалық Ресейінің жауы. Алпауыттар өкіметінің бірде-бір тәтті сөзіне ол сенбейді, алданбайды. Ол серт, уәденің бәрі тек қана құрғақ сөз, тұл сөз екенін әбден біледі. Сондықтан барлық тамаша мысалдарында үнемі алданған, сатылған, қорлыққа қамалған, еріктен айырылған қалың бұқараның үні шығып отырады.

Бұқара халықтың, орыс елінің отаншыл қасиетін “Ит қораға енген қасқыр” деген мысалында суреттейді. Бұл мысалы 1812 жылы Наполеонның Ресейге жасаған шабуылына қарсы жазылған. Қораға түскен қасқыры Наполеон еді.

“Бүркіт пен көр тышқан” патша мен бұқараны мысал етеді. Патшаға уәзірінді тындама, халықтың үнін тында дейді.

“Жапырақтар мен тамырларда” ақсүйек табы мен крестьян табының таласы бейнеленеді. Тамырлар дегені еңбекші халық, ол қараңғыда қайрат етіп жатыр, құлдық қанауында қайрат етіп жатыр деп, сол бұқараның жоқшысы болады.

“Жұрт кеңесі” деген мысалда арыстанның қасқырға қой баққызғанын айтады. Зорлықшыл, жемқор шенеунікке облысты, өлкені билетіп қойған патшалықты мысқыл етеді.

“Қойлар мен қасқырлар” деген мысалында да сол шенеуніктер мен халықты айтады.

Міне, бұның бәрі Крыловтың езілген халыққа дос болғанын көрсетеді. Сонымен қатар ақсүйектер мен олардың үстемдігіне жау боп шыққанын да көрсететін мысалдары көп.

Шенеунік, әкім, сот атаулының пара жегіштігін, халықты қақсататын қорқау озбырлығын және кінәнің барлығын халыққа артатындығын “Аңдарға келген індет” деген мысалында, “Түлкі мен суыр”, “Піл әскер басы” деген мысалдарында мысқыл еткен.

Крыловтың көрсетуінше барлық феодал-ақсүйек қожалығы талауға, қаталдыққа, жауыздыққа сүйенген қожалық боп кейіптеледі.

Сырт қарағанда мысалдары жәй ғана хайуандар жөніндегі



жеңіл әңгіме сияқты. Солардың ғана ақымақтығын, күлкі мінездерін айтқан сияқты. Бірақ анықтап ойланып қараса, сол айуаны адамды суреттейді де, жыртқыш айуандары жауыз әкімдерді суреттейді. Осылардың арасында аңдардың патшасы арыстан боп, патшаның өзі шығады. Ол арыстан көбінше елі-жұртын билей білмейтін және әділеті аз айуан боп жүреді. “Аңдарға келген індет”, “Жұрт кеңесі” деген мысалдары осыған айғақ. Ал, “Патша сұраған бақалар” деген мысалында Крылов патшалық өкіметінің өзіне де теріс қарайтынын анық танытады. Бұрын бақалардың патшасы дөңбек еді. Олар соған ырза болмай, жаңа патша сұрайды. Жаңа патша боп тырна келеді де, бақаларды бытырлатып жей бастайды. Бұлар зар қағады. Бірақ жаңа патша сұрауға ауыздары бармайды. Бұдан да жаманы келер деп, қалың сорға шыдай береді. Осы дөңбек патша мен тырна патшаның екеуі де жалпы патша атаулыға Крыловтың жиренішпен қарағанын танытады. “Квартет” деген мысалында Крылов патшаның мемлекеттік кеңесін мазақ етеді. “Аққу, шортан һәм шаян” деген мысалда да сол патшаның министрлерін жаулаған деседі.

Патша Александрдың дәл өзіне арнап айтқан, шын қатал сынды көрсететін мысқыл мысал “Шортанның шоршуы” (Рыбья пляска). Бұнда әкімдер мен байлардың елді қинауға сап, патшаның өзін алдап отырғанын ашы мысқыл етеді.

Крыловтың мысалдарының барлығы бірдей өзі шығарған мысал емес. Кейбір мысалдарды ол ескі Римнің Эзоп деген ақынынан алады. Тағы бірталай мысалдарын француз халқының XVII ғасырда болған мысалшы ақыны Лафонтеннен, тағы басқалардан да алады. Бірақ алғанда әңгіме желісін алады да, соны орыс тілінде өзінше өзгертіп әңгімелейді. Бұл ретте орыс халқының өзінде бар ертегіден, жалпы халық шығармаларынан алған нәр қоры аса мол. Орыстың өз тіліндегі мақал, нақылдарды көп қосып, көп өңдеу арқылы жаңағы ақындардың мысалдарынан мүлдем жаңа, тың мысал етіп жібергендей болады. Сондықтан шеттен алды деген мысалдарының өзін де Крыловтың өз шығармасы деп санарлықтай.

Крыловтың тілі орыс халқының нағыз халықтық тілі. Халықтың тіл байлығын көркем етіп, шеберлеп берген ақын тілі. Анық, ашық етіп, баппен сөйлейді. Ел тілінің мақал, мәтелдей өрнегін қосып, шеберлеп жазады.

Мезгілінде Крыловты толық ұғынып, орнымен бағалау-

шылар аз болып еді. Бірақ Пушкин сол күнде де жете түсініп, зор бағалаған. Орыс ақындарының ішіндегі нағыз халықтық ақын, барынша халық ақыны Крылов деген.

Қазақ тіліне Крылов мысалдарын аударып, біздің халықты оның мысалдарымен ең алғаш таныстырушы Абай еді. Ол Крылов шығармаларының қасиетін ерте танып, осыдан 60 жыл бұрын аударма бастаған. “Есек пен бұлбұл”, “Қарға мен түлкі”, “Бүркіт пен қарға”. “Шырылдауық шегіртке” сияқты мысалдарын жақсы аудару арқылы Абай Крыловты өз халқына мейлінше танытты. Сүйгізіп, сүйсіндіріп танытты.

Крыловтың мысалдары қазаққа да соншалық ұғымды, жақын, ұнамды мысалдар боп кетті. Үйткені Крылов мұрасы бір орыс халқы емес, бүкіл өнерлі адам баласына ортақ мұра болатын. Ұлы орыс халқының барлық адам баласының өнер, әдебиет қорына қосқан асыл қазыналарының ішінде Крылов мысалдарының орны өзге. Соны шығыс елдерінің ішінде ерте ұғынып бағалаған ақынның бірі – данышпан Абай.

Абайдан соң революцияның өзіне шейін де Крылов қазақ тіліне көп аударылды. Абай үлгісімен аударған ақындар бірнеше. Олардың кейбірі аудармаларын топтап, мысалдардың жеке жинағын да шығарған. Сондай аударушының бірі жазушы ақын Спандияр Көбеев. Ол Крыловтың 44 мысалын аударып, бір жинақ қып бастырады. Бекет Өтетілеуов деген ақын және тағы бірнеше кісілер аударма жасайды. Сол аудармалар арқылы Крыловтың мысалдап жазу үлгісін қоспаған қазақ ақындары да болған. Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев сияқты ірі ақындар да кей кезде Крыловша мысалдап жазатын болады.

Сол Абайдан бастап бүгінге шейін қазақ халқы жақсы біліп, шын сүйіп оқыған Крылов шығармаларын қазақ мектептері де аса зор құрмет етумен келеді.

Біздің мектептерде, барлық әдебиет кітаптарында Крылов мысалдары молынан кіріп, көп оқылады. Кеңес мектебі тәрбиелеген қазақ балаларының шын сүйіп, анық сүйсініп оқитын ардақты ақынның бірі Крылов.

Бірақ сол Крыловтың бар шығармасы қазақ тіліне түгелімен аударылған жоқ еді. Осы жолғы жинақта сол олқылықтың бірталайын толықтырып отырмыз. Крылов мысалдарының ішіндегі ең бағалы, мағыналы деген үлгілерінің бәрін

іріктеп алып, бұрынғы аудармаларды молықтырып, тыңнан да көп мысалдарын аудартып, бастырып отырмыз.

Крыловтың өліміне жүз жыл толуымен байланысты шығатын осы жинаққа мысалдардың көбін жаңадан аударып берген қазақ ақындары Асқар Тоқмағамбетов, Дүйсембек Еркімбеков, Нығмет Баймұхамедов, Қапан Сатыбалдин жолдастар.

## СЛОВО ПЕСНИ

Ее поющее сердце рассекала только одна мечта — мечта увидеть его хоть раз. Долго ждала она, но вот однажды предстала перед ним. Явилась, но вначале ее лицо казалось робким, чего-то как будто она смущалась...

— Понравятся или нет мой напев, моя повесть?.. Вот какие были сомнения в ней...

С тех пор, как она родилась песней, до этого мига впервые пришел ей в голову этот вопрос: “Какова же я?” Но легкое смущение продолжалось до тех пор, пока не дошла до него и не взяла его за руку, после оно само собой рассеивалось, отходило.

Все лады, все струны песни мерной волной обволакивала доселе никому не высказанная тайна сердца. И она мелодично звучала в ней: и со всей присущей ей правдивостью само собой сказалось это ее волнение; сказалось песней тайны, изливаясь переливчато. Песня нашла свой тон...

Она нашла слова:

— Вождь народов от ковыльных степей, от высоких хребтов, от волнистых барханов, от ветров и потоков, — я принесла тебе привет!

Принесла привет от истории, кочуя обитавшей в этом краю, и от человека труда, с улыбкой родившегося и со стнанием ушедшего в эту историю. Я старая песня казаха! — добавила она.

— Я знаю, — промолвил он и наклонил голову... Приготовился слушать ее.

Песня звонко разворачивала свои свитки веков: — Кем я была, кем я становлюсь? С чем пришла к тебе? Послушай об этом... начав так, она продолжала — меня вырастили соки многих корней. Гул и грохот разбрызгивавших кровавую пену кочевых орд, их дикий пляс — лежат одним, ранним на моем пути перевалом. В их времена, когда и у